



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

ақпараттық жүйесін кезең-кезеңімен енгізбек.. 2025 жылға дейінгі Цифрлық күн тәртібін қабылдаған Еуроазиялық экономикалық одақ даму қарқынын үдетпек.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.12.2017 жылғы №827 қаулысымен бекітілген «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы
2. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 ж. 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

ӘОЖ 339.9

## **БРЕКСИТ ЖӘНЕ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ**

### **Төлебай Аружан Төлегенқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар  
факультетінің студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші- Б.М.Батишева

Ұлыбритания мен ЕуроОдақтың тарихы әр түрлі қиындықтар мен шиеленістерден тұрады. Екі жақтың қосылуы бірнеше кезеңнен өткеннен кейін ғана жүзеге асқан болатын: Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, бейбіт өмір сүру идеясын негізге ала отырып батыс Еуропа мемлекеттері 1950-ші жылдарында одақтарға біріге бастады. 1949-шы жылғы Еуропа Кеңесін құруындағы басты рөл атқарғанына қарамастан, Ұлыбритания экономикалық интеграция процесіне бірден қосылған жоқ. Бұл бағытта алғашқы қадамдар 1970-ші жылдардың басында, Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың кеңейтуінің «бірінші толқыны» кезінде жасалған болатын. Ұлыбритания ЕЭҚ құрамына 1973-ші жылы Ирландия мен Даниямен бірге кіреді. ЕО пен әмірліктің арасындағы жақындасу процессінің өзінде де, Ұлыбритания ұйым ішінде экономикалық және саяси істерде барынша тәуелсіздігін сақтауға ұмтылды. Британия ЕО-тың ірі интеграциялық жобаларына қосылған жоқ: еуро аймағына және ортақ шекарада визалық тексерістен босатуды қамтамасыз ететін Шенген аймағына кірмеді. Бұдан басқа, Біріккен Корольдік елдердің келісілген салықтық және бюджеттік саясатын іске асыруға бағытталған Бюджеттік пактіге (2013 жылы күшіне енген) қол қойған жоқ.

Еуропалық экономикалық қоғамдастыққа кірген сәттен бастап, Ұлыбританияда еуроскептиктердің дауыстары естіле бастады. Туындаған мәселелер: егемендіктің күрт жоғалуы, жыл сайынғы салынатын жарналардың орнына ЕО-тан түсетін көмек көлемімен қанағаттанбауы, елдің евроға қосылуға дайын болмауы, шығыстан келген арзан жұмыс күшінің ағыны, және 2015 жылдан бастап туған мигранттар мәселесі. Ұлыбритания мен ЕО арасындағы әр түрлі қайшылықтар Брекситке әкелді. 2016 жылғы бейсенбіде Брюссельдің Еуропалық Одақта қалуы немесе шығуы туралы шешім қабылдау үшін жүргізілген референдум барысында 51,9% бен 48,1% қатынасымен «шығу» негізі жеңген болатын. Қатысқандардың саны 30 млн-ға жетіп, халықтың 71% - ды құрады.

ЕО-тан шығу мәселесіне қатысты Ұлыбритания халқының ойы айқын болып көрінгенімен, қазіргі таңда көпшіліктің көз-қарасы өзгеруде. 2017 жылғы өткізілген сауалнама нәтижесі бойынша, 50 %-ы қайта референдумның өткізгенін талап етеді, 34 % алдыңғы қабылданған шешіммен келіссе, ал 16 %-ы нақты шешімге келе алмады.<sup>[3]</sup> Сауалнама көрсеткіші бойынша көпшіліктің Брексит туралы ойының өзгергенін, және референдумнан кейінгі әсерін байқағанын көруге болады. Бұл мақалада ЕО пен Ұлыбританияға Брексит қалай ықпал ететіні қарастырылады.

Брекситтің Ұлыбритания мен қоса ЕуроОдаққа бірнеше салаларда өзінің әсерін тигізді (экономикалық, саяси, әлеуметтік.б.).

Дэвид Кэмерон, канцлер Джордж Осборн және басқа да ЕО-та қалғысы келген көптеген

ірі тұлғалар Ұлыбританияның кететіні туралы шешім қабылданған жағдайда оның экономикалық құлдырауы туралы болжам жасаған болатын. Фунт референдумнан кейінгі күні долларға қарағанда 10% -ға және еуроға қарағанда 15% -ға төмендеді. Инфляция деңгейі 2016 ж маусым айынан бері соңғы алты жылдағы ең жоғарғы көрсеткіш 3,1%-ға жоғарылағанына қарамастан, жұмыссыздық деңгейі төмендуді жалғастырып 4,3% - тоқтаған болатын [4]. Негізгі қорытынды - Брексит инфляция деңгейінің жоғарылауы мен жалақының нақты өсімінің қысқаруы арқылы өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелді. Сонымен қатар, Ұлыбритания ЕО-қа 50 млрд «ажырасу төлемін» өтеумен қатар, 2020 жылға дейін жылдық жарналарды төлеуге мәжбүр. Сауалнаманың екінші бөлігінде халық «Брексит туралы не сезінесіз?» деген сұраққа 41% басымдылықпен «қорқыныш» деп жауап берді. (30% - «қуаныштымын», 29 % - «ешқайлай/білмеймін»). Алайда, экономикалық жағынан біршама зардап шеккенімен, миграция мәселесінде жақсы нышандар көрінуде.

Премьер-министр Тереза Мэйдің айтуы бойынша, дауыс беруден алған түйіні – Британ халқының иммиграция деңгейін азайтуын қалайтыны. Ол иммиграция мәселесін Брексит келіссөздерінің басты тақырыбы болатынын атап өткен болатын. Себебі, Тереза Мэй таза көші-қонды қабылдауға ұмтылады - елге кірген және шығатын адам санындағы айырмашылық «тұрақты» деңгейге дейін, жылына 100 000-нан төмен болуы тиіс екенін анықтайды. Дауыс беруіден кейін Ұлыбритания халқының санының өсу қарқыны баяулады. Бұған, негізінен, Польшаның және басқа Шығыс және Орталық Еуропа елдерінің азаматтарының Ұлыбританиядан эмиграция деңгейінің жоғарылауы себеп болды. 2017 жылғы көрсеткішке қарағанда, 130 мың адам елден шығып, 220 мыңы керісінше келді. Бұл ЕО азаматтарының таза миграциясы соңғы бес жылдағы ең төменгі көрсеткіші – 90 мыңға жеткенін білдіреді. Дегенмен, ЕО шеңберінен тыс елдерден келген адамдар ағымы керісінше күрт өсіп, елдегі иммигранттардың таза өсімі 208 мың адамға жетті (соңғы алты жылдағы ең жоғарғы көрсеткіш) [6]. ЕО елдерінен келген адам ағынының азаюының бір факторы болып брексит саналады, ал сырттан келген иммигранттар санының өсуі оқуға келген студенттердің көбеюімен түсіндіріледі. Дегенмен, көші-қон деңгейі көрсеткіші алдыңғы жылдармен санағанда төмендегенімен, үкіметтің мақсатты көрсеткішінен әлі де жоғары.

Солтүстік Ирландия мен Еуропалық Одақтың Ирландия Республикасы арасындағы шекарасы Брексит келіссөздерінің негізгі бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта Ұлыбритания мен Республика арасында ортақ сауда және туристік аймағы бар. Шотландия секілді, Солтүстік Ирландия референдумда басым көпшілікпен ЕО-та қалуды қолдады. 1968 жылғы азаматтық соғыс шекараның екі жағына да әсер етті. Зорлық-зомбылық пен онымен байланысты экономикалық проблемалар отыз жыл бойы жалғасты. Мыңдаған адам қаза тапты, тексеру пункттері шекарадан өтуді қиындатты. Тіпті Дональд Макдональд үш буын бойы өмір сүрген тоқыма дүкенін жабуға мәжбүр болды. «50-ден астам кәсіпорын жабылды. Мен Ұлыбританияның саяси протекционистік шешімінен өзара сенім мен үміт жойылған өткенге оралғым келмейді» - дейді Ирландия азаматы. Азаматтық соғыс кезінде жұмыссыздық деңгейі 30%, бүгінгі таңда - тек 3 пайызды құрайды [7]. Алайда, Солтүстік Ирландияны кедендік одақта қалдыру арқылы Ұлыбританияның конституциялық біртұтастығына нұқсан келіп, мемлекеттің егемендігі зардап шегеді.

Қосымша зардап шегетін салаларды атап кететін болсақ, ЕО ұсынатын (ЕО қоршаған ортаны қорғау, зерттеу және дамыту және энергетика саласында өз мүшелеріне жаңа, дамыған технологияларын ұсынады) Ұлыбритания заманауи ЕО технологияларының артықшылықтарын; британдық компаниялардың ЕО-ның кез-келген еліндегі үкіметтік келісім-шарттарға қатысу мүмкіндігін жоғалтуы; Мамандардың барлық мүше елдерде жұмыс істеу, тәжірбие алу мүмкіндігінен айырылуы, сондай-ақ, авиабилеттердің құны, Интернетті және тіпті телефон қызметтерінің құнын өсуі байқалуы мүмкін.

Қорытындылай келе, Ұлыбритания үшін басты артықшылығы мынада, ол адамның еркін қозғалысына тыйым салу мүмкіндігіне ие болады. Таяу Шығыстан келген қашқындардың сананың артуына алаңдаушылық білдірген Британ аралы тұрғындарының

брексит үшін дауыс беруінің басты себебі осы болды. Негізгі кемшіліктерінің бірі - Брексит өсуді баяулатады. Ұлыбританияның қаржы министрі Филип Хэммондтың айтуынша, оның елдегі өсімі 2018 жылы 2,4 пайызға, 2019 жылы 1,9 пайызға және 2020 жылы 1,6 пайызға дейін төмендейді. Халықаралық валюталық фондының басшысы Кристин Лагардтың болжауынша, британдық экономиканың өсуінің осы жылғы көрсеткіші 1,6 пайызды құраса, 2018 -1,5 % құрайды деп болжануда. [8]

Еуропалық Одақ бюджеті жеті жылдық мерзімге қалыптасасып, Еуроодақтың меншікті ресурстарынан, сондай-ақ жалпы ұлттық табыс пен ҚҚС (қосымша құн салығы) негізінде ЕО-қа мүше елдердің салымдарынан тұрады. Ұлыбританияның ЕО бюджетіне беретін жыл сайынғы үлесі 21 млрд. еуроны құрайды, бұл ЕО-ның 28 мемлекеті төлеген жалпы жарналардың 15% -ы, сондықтан, Ұлыбританияның шығуымен байланысты ЕО-ғы жылына орта есеппен 12 млрд еуро жоғалтады, оның жартысы қалған мүше 27 елдің қосымша жарналар енгізуі арқылы қалпына келуі тиіс. Ал Еуроодақтың шығындары жыл сайын артып келеді. Ұлыбритания одақтың бюджетіне екінші ең ірі таза салымшы болып табылатындықтан, оның шығуы ЕО-тың қорының босауына, бюджеттің әлсіреуіне әкеледі. Бұл «шұңқыр» 50 % қосымша жарналар мен 50% шығындардың қысқартылуымен (3-3,5 млрд еуро) жабылуы тиіс. Еуропалық Комиссия ЕО-ның сыртқы шекараларын қорғау және терроризмге қарсы әрекет ету сияқты жаңа бірлескен жауапкершіліктердің пайда болуы аясында 2021 жылдан бастап Еуропалық Одақ бюджетін ұлғайтуға шақырды. Швеция, Австрия, Финляндия, Дания және Нидерланды ЕО-қа салынатын жарналар көлемінің ұлғаюна қарсы шықса, сегіз шығысеуропа елі (Венгрия, Польша, Чехия, Словакия, Словения, Хорватия, Болгария, Румыния) келесі жеті жылдықта ұлттық жалпы табысқа сай салым көлемінің 1,1 %-ға дейін өсуіне келісті. [9]

Қазірдің өзінде он жылдан астам уақыт бойы Еуроодақ тұрақты қиындықтар мен дағдарыстарды өткеруде. Оның жетекшілері Брекситтен кейінгі болашағын талқылап жатса, ЕО атқарушы мекемелері тиімділік пен заңнамалық жағын жобалауға тырысуда. Сонымен қатар, мүше мемлекеттер байлық, өсу, бәсекеге қабілеттілік және табыс теңсіздігі проблемаларымен кездесуде, сондай-ақ, еуроаймақтың және босқындардың дағдарыстарының ажырамас мұрасымен күресуде.

Еуроодақта дезинтеграциялық үдерістер белең алуда, Вышеград төрттігі- Польша, Чехия, Венгрия және Словакия- миграциялық квотадан бас тартып, топта шығыс пен батыс, ескі және жаңа мүшелер арасындағы қайшылық тудырды. Шығыс Еуропада коммунистік режимдердің құлауынан бері, елдердің экономикалық өсімі, негізінен, Батыс инвестицияларымен айқындалады. Ал инвесторларды бұл жерде қызықтыратыны- салыстырмалы түрде арзан жұмыс күшінің болуы және жаңа өндірістік базаның өздерінің ішкі нарықтарына жақындығы. Польша экономикасына тікелей инвестициялар ЖІӨ-нің шамамен 40% құрайды. Венгрия үшін бұл көрсеткіш 1,5 есе жоғары - шамамен 64%. Бұл инвестициялардың теріс жағы бар, мысалға, Польшада банк жүйесінің активтерінің 60% шетелдіктерге тиесілі. Венгрияда - 80%, Словакияда - 98%. [10] Мемлекеттің егемендігін шектеу, брекситке байланысты мемлекеттік бюджеттің қысқаруынан кедей мемлекеттерге бөлінетін субсидияларының қысқарту нышаны, миграциялық мәселе, «жаңа» және «ескі» Еуропа арасындағы саяси көзқарасының алшақтығы салдарынан шығысты одақтың либералды, «еуропалық» құндылықтарын ұстанбайды деп айыпталуы ЕО-ты әлсіретуде. Қазіргі таңда, айтылған проблемаларды негізге ала отырып өзінің саясатын бекітетін, Брюссельге бағынбаймын дейтін саяси партиялар мен өкілдердің саны артуда. Статистиканы зерделеп, соңғы 20 жылдағы популизмнің танымалдығы айтарлықтай өскенін көреміз. 2000 жылы популистерге берілген сайлаушылардың даусының орташа пайызы 8% -ды құрады, ал қазір - 25%. Популистердің танымалдылығының өсуі жалғасуда [11].

2017 жылы Еуропа елдерінде Брекситтің тарау әсерін өлшеу мақсатында сауалнама жүргізілді: жауап берушілер « мүше-мемлекеттің одақтан шығу үлгісі басқа мемлекеттердің осындай қадамға баруына әкелуі мүмкін бе?» - деп сұралынды. Сауалнама Еуропа елдері азаматтарының « Келесі 10 жылда басқа мүше мемлекеттер ЕО-ты қалдыруды шешеді» деген

тұжырымдамамен қаншалықты келісетінін анықтаған болатын. Тоғыз ел бойынша тұжырымдамамен келіскендер саны басымдық көрсетті (55%) [12]. Бұл сауалнама одан әрі бөлінудің бағыты мен дамуын көрсетпегенімен, көптеген еуропалықтар ЕО-ның болашағы туралы сезінетін белгісіздік пен пессимизмді көрсетеді. Бұл сондай-ақ Британиядан басқа, ЕО-ның кез-келген мүше-елінде ЕО-тан кетуді қолдайтын билеуші партияның болуымен байланысты. Көптеген елдерде бұл партиялар радикалды негізделген позиция болып қалыптасады.

Брексит Франциядағы «Ұлттық фронт», Италиядағы «Lega Nord», «Германия үшін балама» сияқты анти-ЕО-тық күштердің тууына әкелді. Дегенмен, іріктелу саясатына байланысты бұл партиялар нақты күшке ие болмады. Нидерландыда ЕО-қа қарсы саясат ұстанатын «Еркіндік партиясы» жалпы сайлауда дауыстар мен орындарға ие болғанымен, ең үлкен партияға айналмады. 23 сәуірде өтетін сайлауда Францияның жаңа президенті еуропалық одақтың құндылықтарына күмән келтірмейтін және интеграциялық байланыстарды нығайтуға тырысатын саясаткер Франсуа Фийон болуының ықтималдығы жоғары. «Германияға альтернатива» деп аталатын «антимигранттық» партиясының сайлау рейтингісі 15-18 %-ды құрайды, сондықтан үкіметке кіруге ешқандай мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, «Ультра- оң » партиялардың әр мемлекетте болуына қарамастан, олардың күші өз билігін жүргізуге күші жетпейтініне көзіміз жетеді [13].

Референдумға дейін Брекситтің Еуроодақтың болашағына әсер етуі мүмкіндігі жайлы екі теория анықталған болатын. Бір жағынан, британдықтардың дауыс беруі басқа елдердегі анти-ЕО қозғалыстарын күшейтеді деп күткен болса , және ең пессимистік жағынан қарайтын болсақ, бұл одақтың ішіндегі бөліністің кеңірек үрдісіне алып келуі мүмкін делінсе, басқа көзқарас- Брекситтің күйреуі және ЕуроОдақта тарихи тұрғыдан Евроскептикалық түрде ойлайтын Британияның кедергі болмауы терең интеграцияға жол ашады деген болатын.

Брексит ЕО-ның болашағын талқылауға негіз салды. Бүгінде көшбасшылар Еуроодаққа деген ұмтылысын тағы да растады және болашаққа қатысты көзқарастарын, соның ішінде шетелдік және қауіпсіздік саясаты сияқты салаларда терең интеграциялау мүмкіндіктерін белгілей бастады. Ұлыбританияның ЕО-на мүше болу жөніндегі 2016-шы жылғы референдумының нәтижесі ЕО тарихындағы бұрылысты білдіреді. Брекситтің ЕО-тағы билік балансы және интеграциялау бағытына тигізген әсері көп. Брексит Германияның ЕО-ның ең ықпалды күші ретінде позициясын нығайта берсе, онда протекционизмге бейім елдердің ықпалын арттырады. Еуропарламентте 71 адамнан тұратын Британияның (751-ден) мүшелігі парламенттік топтардың арасында теңгерімге әсер етіп, «еркіндіктің және тікелей демократияның» Еуропадағы құқығын нығайтуға ұмтылатын радикалды топтар қатарын қысқартуға ықпал етеді.

Барлық қиындықтарға қарамастан, 2017 жыл ЕуроОдақ үшін біршама табысты болды деп айтуға болады: Австрияда, Францияда және Нидерландыдағы ЕО-та қолдау тапқан партиялардың жетістіктері осы жылы әр түрлі маневр жасауына көбірек мүмкіндік берді, еуроодағы қысым азайып, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадан келген мигранттар мен босқындардың ағыны кеміді , кем дегенде қазір. Енді Брекситтен кейінгі ЕО болашағының ұзақтығын қарастыруға негіз бар.

Қорытындылай келе, Ұлыбритания үшін брексит өте ауыр үрдіс. ЕО-пен қарым-қатынасының үш сценарийін қарастырсақ та- ортақ нарық, еркін сауда немесе сауда келісімінің болмауын, үшеуінде де Ұлыбритания экономикасы зардап шегеді. Келесі 15 жылда шамамен таза шығын үлесі әр жыл сайын -80 млрд фунтты құрайтын болады; экспорт үлесі біршама төмендеп, бағалар көтеріледі. Ал, ЕуроОдақ үшін брексит үлкен сабақ және тәжірибе болады. Экономикалық жағынан шығындар болады, бірақ ЕО интеграциясының одан әрі тереңдеуіне кедергі жасап, әр түрлі қадамдарды тоқтатып, реформаларды қабылдамаған ұлтшыл мүшенің қатарда болмауы, керісінше, оң нәтиже береді. Евроскептикалық ойлар, ұлтшылдық ЕО құрылғаннан бастап болды. Бүгінгі таңда олар біршама көп күшке ие болғанымен, шығыс Еуропа елдеріне де, орталық Еуропаға да ЕО-пен

қалған тиімдірек. Сонымен қатар, ЕО мақсатында өрісін Балкан түбегі жағына кеңейту бар.

Еуропа әлемнің ең маңызды бөлігі болған, болады да. Қазіргі таңда ЕуроОдақ құрылған кездегі өзара гүлдену идеялары әлсіреп, мемлекеттер өз мүдделері мен мақсаттарын көбірек қорғауда. ЕуроОдақты алысқа бармай, бізге таныс КСРО- мен салыстыруға болады. Оның мақсаты саяси конфедерациялық немесе федерациялық типтегі саяси және экономикалық бірлестік құру болып табылатын. Бір кездегі мықты бірлестік қазір аймақтық және жалпы кризистер өткеруде, оның айқын көрінісі –Ұлыбританияның шығу шешімі. ЕО нақты «интеграцияға» емес, «ынтымақтастық» пен «нәтижелерге» көп көңіл бөледі. КСРО құлағандай, ЕуроОдақтың да ыдырап кету мүмкіндігін ойдан шығаруға болмайды. Алайда, менің ойымша, әлемдік маңызы зор үлкен ұйымның жойылып кетуі кем дегенде бірнеше ғасырды талап етеді. Себебі, Еуропа мемлекеттері жеке әрекет етуге мүмкіндіктері аз. Қаншалықты держава болғанымен, бірігіп, саяси блок құру арқылы шағын мемлекеттер көбірек жетістіктерге жете алады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ArtemAslanian. Великобритания - ЕС: история отношений-электронды ресурс (23.06.2016) - <http://ru.euronews.com/2016/06/23/the-uk-and-the-eu-part-1-je-t-aime-moi-non-plus>
2. ElenaKaraeva. Референдум в Британии: результаты в прямом эфире на euronews.com – электронды ресурс (24.06.2016)- <http://ru.euronews.com/2016/06/24/international-shock-as-uk-votes-to-leave-the-eu-in-historic-referendum>
3. .Brexit: Britons favour second referendum by 16-point margin – poll – электронды ресурс – (26.01.2018) - <https://www.theguardian.com/politics/2018/jan/26/britons-favour-second-referendum-brexit-icm-poll>
4. Brexit : британский минфин оценил возможные потери- электронды ресурс (18.04.2016)-<http://ru.euronews.com/2016/04/18/permanently-poorer-brexit-warning-from-uk-finance-minister>
5. BBC news. [http://www.bbc.com/news/politics/uk\\_leaves\\_the\\_eu](http://www.bbc.com/news/politics/uk_leaves_the_eu)
6. Alasdair Sandford & Reuters. Number of EU citizens leaving UK at highest level since 2008-
7. электронды ресурс (22.02.2018)-<http://www.euronews.com/2018/02/22/number-of-eu-citizens-leaving-uk-at-highest-level-since-2008>
8. Рекордная инфляция в Великобритании – электронды ресурс(12.12.2017) - <http://ru.euronews.com/2017/12/12/brexit-inflation>
9. Восточноевропейские члены ЕС согласны увеличить взносы в бюджет сообщества после Brexit – электронды ресурс (03.02.2018) - <https://zonakz.net/2018/02/03/vostochnoevropejskie-chleny-es-soglasny-uvelichit-vznosy-v-byudzhet-soobshhestva-posle-brexit/>
10. Михаил Смотраев. Варшава, Прага, Будапешт: линия разлома Евросоюза.-электронды ресурс (22.02.2018) - <https://www.bbc.com/russian/features-43158639>
11. Дженни Хилл. Пощечина Евросоюзу: чем грозит национализм в самом сердце Европы. –электронды ресурс (23.02.2018) - <https://www.bbc.com/russian/features-43170137>
12. BBC news. [http://www.bbc.com/news/politics/uk\\_leaves\\_the\\_eu](http://www.bbc.com/news/politics/uk_leaves_the_eu)
13. Рано ли хоронить евро и Евросоюз?–электронды ресурс (26.01.2017) - <https://www.bbc.com/russian/features-38761672>
14. Brexit: All you need to know about the UK leaving the EU. By Alex Hunt & Brian Wheeler-электрондыресурс- (25.12.2017)-<http://www.bbc.com/news/uk-politics-32810887>
15. THE IMPACT OF BREXIT ON THE EU. Charles Grant/Centre for European Reform-электрондыресурс- (25.12.2017)
16. Brexit and the Future of Europe. Ian Hutchinson/International Affairs Review/-электрондыресурс- (25.12.2017)
17. Brexit and the future of Europe. George Soros <https://www.ineteconomics.org/perspectives/blog/brexit-and-the-future-of-europe?p=ideas->



ӘӨЖ 327 (574:51)

## «БІР БЕЛДЕУ-БІР ЖОЛ» ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Турекулова Дана Ерлановна

[roo0aaar@mail.ru](mailto:roo0aaar@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: А.Далелхан

Халықтар өте ерте кезден-ақ бір-бірімен сауда жасасқан. Бұл сауда орындарының базарлардың, жәрмеңкелердің, сонымен қатар ел мен елді, қалалар мен халықтарды бір-біріне жалғаған сауда жолдарының пайда болуына себепші болды. Жолдар бір-біріне қосылып, батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке қарай көршілес жатқан жерлердің бірінен соң біріне жылжи отырып созыла берді. Осылайша Еуропа мен Азияда Ұлы Жібек Жолы пайда болды.

Осыдан үш жарым мың жылдай уақыт бұрын пайда болып, басын Қытайдан алып, бірнеше бағыт бойынша Орталық Азия жерін көктеп өтіп, Парсы, Византия, Иран, Кавказ, Еуропа елдерімен халықаралық сауданың өрістеуіне өлшеусіз әсер еткен көне Жібек жолы біздің өңірдің дамуында да басты қозғаушы күштердің бірі болғаны анық.

Жолдың қазіргі Қазақстан аумағын басып өтетін сілемдерінің бойында басында көптеген бекеттер пайда болып, артынан олар қалаларға айналған еді. Жол ғасырлар бойы Орталық Азия халықтарын басқа өңірлермен байланыстыруда үлкен қызмет атқарып тұрды.

Алайда, XIV-XV ғасырларда Батыста, соның ішінде Испания, Португалия, Ұлыбритания секілді құрлықтың шетінде, теңіздің өтінде орналасқан елдерде компас пен картаның ойлап табылып, кеме құрылысының өркен жаюына байланысты құрлықтарды бір-бірімен байланыстыратын су жолдары ашылды да, осы құбылыс көне Жібек жолына өз көлеңкесін түсіре бастады. 1453 жылы түріктер Константинопольді басып алды да, олар құрған Осман империясы енді Еуропадан Азияға баратын құрлықтағы сауда жолдарының барлығына өз бақылауын орнатты. Осы жағдай Осман империясымен қырғи-қабақ қарым-қатынастағы еуропалықтарды басқа өңірлерге теңіз және мұхит арқылы шығатын жолдарды іздестіруге мәжбүр етті. Бұл үдерістің соңы әлемде Португалия мен Испания секілді жаңа теңіз державаларының пайда болуымен аяқталды. Жаңа теңіз жолдарының ашылуы оның бойындағы тіршіліктің саябыр тартуына көп әсер етті. Әйтпесе, осыдан мың жылдай бұрын біздің Қазақстан аумағында 200-ге тарта сауда жолындағы қалалары болғандығын, олардың басым көпшілігі Жібек жолының бойында орналасқандығын біз басқа елдерге әлі де белгісіздеу болып келе жатқан өзіміздің көне тарихымыз арқылы жақсы білеміз.

Кеңес өкіметі кезінде басқа елдерге қарағанда Қазақстан аумағында көне қазба ескерткіштерінің молынан табылуы, қазір де осындай үдерістің жалғаса түсуі соның тағы бір айғағы. Енді, міне, сол көне Жібек жолын қайта қалыптастыру мәселесі қайта бастау алды. Ежелде Евразия құрлығын қиып өткен сауда жолдарының қайта жандануын күткендер аз еді. 2013 жылы Астанада президент Си Циньпиннің «Бір белдеу-бір жол» бастамасын да ешкім күтпеген еді. Бірақ қазір 67 мемлекет сол жобаның маңыздылығы мен даму мүмкіндіктерін түсініп, осы бастамаға қатысуда.

Иә, осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет ретінде жеке шаңырақ құрған кезден бастап Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев сол көне Жібек жолын жаңа қырынан қайта тірілту мәселесін алдына стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде қойған-ды. Өйткені, еліміз қазіргі адамзаттың үлкен сұранысына ие болып отырған неше түрлі шикізат көздеріне өте бай. Оның үстіне біздің алып даламыз қарқынды даму жолына түскен Қытай елі мен Еуропаның ортасында орналасқан.